

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ ДІНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 6B02202-Дінтану

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «6B02202-Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 академиялық сағат / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

БББ ерекшеліктері

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы әлемдегі діндерге қатысты білімге ие, діни саладағы өзекті тақырыптардан хабардар, даулы мәселелердің шешімін таба білетін, тарихи және заманауи түрлі дереккөздерді еркін пайдаланып, жүйелей алатын, мемлекеттік және әлемдік деңгейдегі дінге қатысты жағдаяттардан хабардар және соларға қатысты пікірталастарға қатысып, ойын жеткізе алатын мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасы білім алушының жан-жақты дамуын, білікті маманға, құзіретті тұлғаға айналуын мақсат ретінде көре отырып, дінтанулық зерттеулерді жүргізуде маңыздылығы ерекше тіл біліміне, далалық зерттеу әдістеріне, тәжірибе жинақтауға баса назар аударады. Білімгердің толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үшін маңызды болған түрлі білім салаларын қамтып, хабардар болуына және оны іс жүзінде қолдана білуіне ықпал етеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Дінтану» білім беру бағдарламасын игеріп, бакалавр дәрежесін алған білім алушы қоғамдағы өзекті әрі маңызды тақырыпқа айналып отырған дінге қатысты кез келген салада қызмет атқара алатын құзіретті маман болып шығады. Қоғамда дін негіздерін түсіндіріп, діни ұстанымдарды айқындап, дінге қатысты шиеленіскен жағдайларды шеше білетін білікті мамандарға сұраныс өте жоғары болып отыр. Жаңа әрі жат діни ағымдардың құрбанына айналған азаматтардың қайта әлеуметтенуіне, психологиялық тұрғыда сауығып, өмірге, дінге қатысты көзқарасының қалыпты арнаға ойысуына оңалту орталықтарындағы дінтанушы мамандардың тигізер ықпалы зор. Дін материалдық дүниеге емес, рухани түйсікке қатысты ұғым болғандықтан, діни сала қызметкерлері де сыңаржақ пікірден аулақ, төзімділік ұстанымдарына, талаптарына жауап бере алатын көзқарасы кең, жан-жақты білімді маман болуы керек. Бұл білім беру бағдарламасын меңгеріп шыққан білім алушы мемлекеттік қызметкер, тәуелсіз сарапшы, діни қызметкер ретінде де еркін еңбек етіп, қазіргі кезеңдегі жұмыс берушілердің басты талаптарына жауап бере алатын білікті маман атанады. Сол себепті түлектердің жұмыспен қамтамасыз

етілуі қоғам талабына, еңбек нарығының сұранысына сай өте жоғары көрсеткіштерге жетуде.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

«Дінтану» білім беру бағдарламасының мақсаты: Дінтану саласында теориялық білім мен практикалық дағдыға ие, заманауи әдістерді қолдануға құзіретті мамандарды дайындау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен қарау және әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді толеранттылық негізде қабылдау;
- (НҚ2) Ғылыми әдебиетті талдау және аннотациялау қабілетіне және қызметтік құжаттар мен іскерлік хат алмасуды дайындау;
- (НҚ3) Ойлау мәдениетін қалыптастырып, жазба және ауызекі тілде ойлау белсенділігінің нәтижесін сауатты түрде рәсімдеп, жеткізу;
- (НҚ4) Болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түйсініп, кәсіби қызметін жүзеге асыруда жоғары деңгейлі мотивация;
- (НҚ5) Кәсіби міндеттерді шеше алуға қабілетті болатындай деңгейде бір шет тілін діндер тарихын, теорияларын меңгеріп шығу;
- (НҚ6) Базалық дінтанулық мәліметтерді түсініп, сыни түрде талдап, жеткізу;
- (НҚ7) Қазіргі діни үрдістер мен үдерістерді, әлемдік, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің дамуы мен даму перспективаларын, діни ілімдердің эволюциясының негізгі бағыттарын сипаттау;
- (НҚ8) Діндерді тарихына, моралдық-этикалық құндылықтары мен тұжырымдарына қарай классификациялауға және олардың қазіргі кездегі діни-этикалық проблемаларын талдау.

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Дінтанудың қалыптасуы мен оның даму кезеңдері жайлы түсінікке, діни мәселелерге талдау жүргізудің негізгі теориялық және әдістемелік тәсілдері жайлы білімге ие болу;
- (ОН2) Діни адамның психологиялық ерекшеліктерін түсіну, діни және діни емес көзқарастардың қарым-қатынасын талдауға дағдылану;
- (ОН3) Әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістер мен олардың қоғамға әсері жайлы мәліметтер мен ақпараттарды заманауи технологиялар арқылы жинақтап, жүйелеп, өз бетінше талдау қабілетіне ие болу;
- (ОН4) Сауатты жазба және ауызекі тілді меңгеріп, өз ойын, ұстанымын тұщымды түрде жеткізе білу;
- (ОН5) Кәсіби қызмет аясында жекеленген тұлғалар мен топтардың іс-әрекетін талдау, бағамдау, реттеуге қабілетті болу;
- (ОН6) Дінтанушының кәсіби қызметінің мақсатын, әдістері мен әдіснамасын білу;
- (ОН7) Мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынастардың құрылымдық заңдылықтарын түсіну;
- (ОН8) Діндер дамуының ортақ заңдылықтарын айқындап, негіздей алу және дін саласындағы әртүрлі мәліметтерге талдау жасай алу;

- (ОН9) Дін эволюциясының жалпы заңдылықтарын ашу, түсіндіруге қабілетті болу;
- (ОН10) Бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде ғаламтор кеңістігіндегі салалардың мониторингін жасай алу.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдістері
Жалпы білім беретін пәндер модулі	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңдерінің тарихи сабақтастығы жөніндегі білімін көрсетеді (КҚ1). Қазақстанның қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгереді (КҚ2).	Оқыту барысында білімгерді оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол білімгерлердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген, біліктілікке бағытталған оқыту; әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары; кейс стади; жобалар әдісі қолданылады.
	Шетел тілі	Ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тілдік материалдарды пайдалануға қабілетті болады (КҚ3). Маман ретінде адам өміріне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдерді дұрыс қолдана біледі (КҚ4); сауатты, мәдениетті сөйлей алатындай дәрежеге жетеді (КҚ5); сөйлеу дағдысын одан әрі жетілдіріп, кез келген жағдаятта пікірін, ойын еркін жеткізе алады (КҚ6).	Грамматикалық аударма; Тікелей-қатынас әдісі; Коммуникативтік; Жобалау, Интерактивті; Шығармашылық; Проблемалық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі.
	Қазақ (Орыс) тілі	Лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге

		негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабілетті болады (КҚ7). Пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауды (КҚ8); өз көзқарасын білдіруді (КҚ9); оны дәлелді түрде қорғауды (КҚ10); әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауды игереді (КҚ11).	орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады.
	Дене шынықтыру	Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді (КҚ12). Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады (КҚ13).	Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады.
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Әлеуметтану	Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді (КҚ14); базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады (КҚ15).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде
	Саясаттану	Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады (КҚ16). Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі (КҚ17).	білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
	Мәдениеттану	Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді (КҚ18). Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті	

		проблемаларды айқындайды (КҚ19).	
	Психология	Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді (КҚ20). Діни тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады (КҚ21).	
Қоршаған орта (ЖОО компоненті)	Экология және өмір қауіпсіздігі	Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде адам өміріндегі қауіп-қатерлерден сақтану жолдарын игереді (КҚ22). Табиғи және техногенді апаттардан қорғанудың негізгі тәсілдерін біледі (КҚ23); қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады (КҚ24), сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді (КҚ25).	Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады.
Мамандыққа кіріспе	Араб тілі	Арабша сөйлемдерге грамматикалық кешенді талдау жасап, сөйлем құрылымының мағынасын араб тілінде түсіне алады (КҚ26). Пәндік тарихты игеріп, пәннің жаңашыл заманауи даму барысын қадағалай біледі (КҚ27).	Пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру.
	Дінтануға кіріспе	Дінтанудың маңыздылығын, қоғамда алатын орнын, қолданатын әдістерін, тарихы мен салаларын игеріп шығады (КҚ28). Діннің теориялық мазмұнын меңгереді (КҚ29); діннің тарихи түрлерін біледі (КҚ30); дәстүрлі діндерден саяси және экстремистік діндерді айыра білуді меңгереді (КҚ31).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Оқу практикасы	Оқу тәжірибесінен өткен	Білім алушыларды

		білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс материалдар қорының іс жүзіндегі қолданысын көріп, игеріп шығады (КҚ32). Бекітілген практика базаларында оқу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтайды (КҚ33).	оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
	Ислам теологиясы	Ислам сенім негіздері, ислам теологиясына қатысты негізгі мәселелер мен олардың қазақ мәдениеті мен дәстүріндегі көрінісі мен сабақтастығын біледі (КҚ34).	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
Мораль және дін	Мораль және дін/ Қазіргі мемлекеттегі дін	Оқытылған пәнді сәтті игерген білімгер діни тәжірибеде моралдық (этикалық) қағидалардың ерекшеліктерін пайымдау арқылы қалыптасқан қарым-қатынастағы әдістемелерді игереді (КҚ35). Мемлекет және дін қатынастарының даму тарихын, негізгі бағыттары мен принциптерін аша алады (КҚ36). Әлемдік діндердің діни әдептілік қағидаларының этикалық негіздерін талдау арқылы өзіндік таным-түсінік қалыптастырады (КҚ37).	Курсты оқыту барысында функционалдық-құрылымдық және жүйелі талдау тәрізді жалпы ғылыми әдістермен қатар кейстік және кросс-құқықтық сараптау сияқты жеке ғылыми әдістер де қолданылады. Бұл білім алушыға әртүрлі діни-құқықтық мәселелерді сындарлы талдау және жүйелі пікір айту мүмкіндігін қалыптастырады.
Жалпы білім беретін пәндер модулі	Философия	Пәнді игеру барысында ізденуші өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады (КҚ38). Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.

		(КҚ39).	
	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады (КҚ40); нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады (КҚ41). Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады (КҚ42).	Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексстік тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады.
Дін тарихы және әлеуметтануы	Діндер тарихы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер діндердің тарихын зерттеуде қолданылатын әдістемелерді игереді (КҚ43); Діни мәтіндерді интерпретациялауға қабілетті болады (КҚ44). Діндердің пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады (КҚ45).	Дәріс барысында жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, діндер тарихын салыстырмалы түрде зерттеуге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Дін әлеуметтануы	Білімгерлер дін әлеуметтануымен, оның негізгі ұғымдары және әдіснамалық ұстанымдарымен танысады (КҚ46). Діннің классикалық және қазіргі теорияларын игеріп, оның эмпирикалық зерттеулерінің әдістері мен маңызды нәтижелерін меңгереді (КҚ47). Осы сала бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесін өз бетінше қорытындылап, талқылап, өңдеп, жалпылай біледі (КҚ48).	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіледі.
	Құран Кәрім	Интерпретациялау секілді	Аудио-видео

		практикада жиі кездесетін мәселелерді мейлінше жетілдіріп (КҚ49); араб тіліндегі Құранды түпнұсқадан оқуға қабілетті болады (КҚ50). Құран оқу қағидалары мен ережелерін үйренеді (КҚ51); тәжуид қағидаларына сәйкес оқуды игереді (КҚ52).	материалдар, топпен жұмыс жасау, теориялық курсты оқытуда синхронды әдістері негізге алынады.
Адам және қоғам өміріндегі дін	Дін философиясы	Пәнді игеру барысында ізденушілер дін туралы философиялық түсініктердің даму тарихы мен діннің заманауи негізгі философиялық концепцияларын меңгеріп шығады (КҚ53). Діни ілімдердің мазмұнын, діннің даму тарихын, алуан түрлі концепциялардың теологиялық принциптерін, сакралдық канондық мәтіндерді меңгеріп, оларды заманауи тұрғыдан түсіндірудің әдістері мен тәсілдерін игеріп шығады (КҚ54).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Діни антропология	Дін мен антропологияның мәндік және функционалдық сипаттамасын анықтай алады (КҚ55). Әлемдік және дәстүрлі діндердегі адам проблемасы туралы көзқарастарға талдау жасай алады (КҚ56). Қазіргі кезеңдегі діни антропологияның ұғымдық аппаратын меңгеріп шығады (КҚ57).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Дін психологиясы	Дін психологиясының өзге ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен мәнін, оның объектісі, пәні, негізгі ұғымдарын игереді (КҚ58). Діни сана, діни тәжірибе, дінтанулық пен дінді ауыстыру мәселелеріне психологиялық талдау жасауға машықтанады (КҚ59).	Кейс стади, тренинг элементтері қолданылады.

Дін және діни өнер	Эстетика және діни өнер/ Дін және өнер	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер діни тәжірибеге эстетикалық тәсілді қолдану ерекшеліктерін түсіну үшін қалыптасқан әдістемелерді игереді (КҚ60). Діни өнер туындыларын қабылдап, оны интерпретациялауға қабілетті болады (КҚ61). Әлемдегі діндердің түрлі өнер салаларына әсерін, ықпалын зерделеп, соның негізінде өнер туындыларындағы діни мотивтерді айқындап, сипаттай алады (КҚ62).	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, өнер туындыларын тамашалау, эстетикалық түйсікті, қабылдауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Салыстырмалы дінтану / Ежелгі үнді діндері	Пәнді толық игерген білімгер әлемдегі діндердің шығу тарихын және қазіргі жағдайын толық біледі (КҚ63). Үнді діндерінің наным-сенімдері, ғибадат-күлшылықтары және этикалық қағидаларын игереді (КҚ64).	Пәнді жүргізу барысында жалпы және жеке ғылыми әдістер, салыстырмалы, каузалды, герменевтикалық әдістер және оқытудан тыс түрлі әдістемелік жұмыстар орындалады.
Араб тілі	Араб тілі 2	Араб тіліндегі мәтіндерді сараптау барысында араб тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін игеріп, сөз мағынасын ажырата біледі (КҚ65). Тілдік шеберліктерді пән ретінде тандаудың мақсаты мен міндеттерін игереді (КҚ66). Араб тіліндегі арнайы мәтіндерге практикалық талдау жасай алады (КҚ67).	Лингвистикалық, ұлттық-мәдени, коммуникативті, прагматикалық қасиеттерді ескере отырып, шет тіліндегі мәтіндерді дискурсивті талдау әдістерін игереді.
Ғылым және философия	Ислам философиясына кіріспе / Ғылым және дін	Пәнді толық игерген білімгер ислам философиясы қарастырған кәләм ілімі, сонымен қатар перипатетикалық идеяларды пайымдау негізінде қалыптасқан күзіретті сенім мәселесіне	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.

		қатысты ілімдерді игереді (КҚ68).	
Мәдениет тарихындағы дін	Кәсіби бағытталған шет тілі / Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі	Білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдай және пайдалана алады (КҚ69). Әртүрлі тақырыптар аясында коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады (КҚ70).	Грамматикалық, фонетикалық құбылыстарға компаративті анализ жасау, шет тілінде тұрмыстық тақырыпта қарым-қатынас орнату, шет тілінде ақпаратты қабылдай алу, әр түрлі тақырыптар ауқымында еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыратын әдістер қолданылады.
	Христиандық тарихы / Христиан теологиясы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер христиан дінінің тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді (КҚ71); христиандықтың пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады (КҚ72). Теологияның генезисін және оның өз алдына дербес ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді меңгереді (КҚ73).	Жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады.
	Қазіргі әлемдегі діндер эволюциясы / Эзотериялық ілімдер	Эволюция түсінігінің діни және дінтанулық мағынасы мен логикасын пайымдай алады (КҚ74). Қазіргі діни санадағы өзгерістердің тенденцияларын сараптай білу қабілеттілігі қалыптасады (КҚ75). Дінтанудың терминдерін және арнайы ұғымдарын кәсіби саласында еркін қолдана біледі (КҚ76).	Жалпы ғылыми және педагогикалық тәсілдермен қатар каузальді және структуралық-функционалдық талдау, тарихи типологиялық әдістер қолданылады.
Тарихи дінтану	Кәсіби қазақ (орыс) тілі / Мемлекеттік тілде іс-қағаздарды	Кәсіби байланыс саласында қазақша/орысша әңгімелесуге, пікірін білдіруге, өз ойын жеткізе білуге; барлық ғылым	Әр түрлі форматтағы рөлдік ойындар, кейс жобалар әдісі, шағын топтармен жұмыс, пікірталас әдістері

	жүргізу	саласындағы сөздік қорын байытуға, ресми емес қарым-қатынаста дұрыс сөйлей білуге дағдыланады (КҚ77). Мемлекеттік тілді ғылыми және публицистикалық мәтін мазмұнындағы ақпараттарды түсіну; өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында немесе түрлі мәселелерді шешуде қолдана алады (КҚ78).	қолданылады.
	Қазақстандағы ислам / Орта Азиядағы суфизм	Пәнді толық игерген білімгер қазақ жеріне ислам дінінің келу, таралу және орнығу кезеңдері мен қазақ топырағындағы мұсылманшылықтың ерекшеліктеріне қатысты білімге ие болады (КҚ79). Қазіргі Орталық Азия елдеріндегі сопылық тариқаттарының қалыптасуы мен қазіргі жағдайына қатысты ақпарат жинап, салыстырмалы талдау жасай алады (КҚ80).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (анкета, презентация, кейс-стади, сын тұрғысынан ойлау, «миға шабуыл», топпен жұмыс т.б.) және де білімгерлердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	Дінтануды оқыту әдістері және мектеп курсының негіздері / Қазақстан Республикасындағы діни ұйымдар	Пәнді толық игерген білімгер Қазақстан Республикасындағы мемлекет және діни бірлестіктер қарым-қатынасының құқықтық аспектілерін игереді (КҚ81). Дінтану пәнін оқыту ерекшеліктері мен айырмашылықтарын тани отырып, педагогикалық қасиеттері қалыптасады (КҚ82).	Психологиялық және педагогикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында білімгерлерді бағыттау, практикалық баулу іске асырылады.
Ойлау және діни дүниетаным	Діни және діни емес дүниетаным диалогы / Еркін ойлау тарихы	Дүниетанымның құрылымын талдап, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға қабілетті болады (КҚ83). Әлемдік діндердегі диалогтың орны мен маңызына талдау жасай	Гуманитарлық ғылым саласындағы жалпы әдістерді қолданумен қатар, білімгердің дүниетанымын кеңейту мақсатында,

		алады (КҚ84). Диалог жүргізудің шарттары мен реттілігін зерттей отырып, білімгер толерантты болуға қабілетті болады (КҚ85). Адамзат ойының тарихындағы еркіндіктің даму стихиясымен танысып, еркін ойлы болуға, өзгенің пікірін сыйлауға машықтанады (КҚ86).	өз ойын еркін жеткізу, сабақта немесе қоғамда белсенді болу үшін дебат, ашық сабақтар жүргізіледі.
	Хадис іліміне кіріспе / Діни мәтін герменевтикасы на кіріспе	Хадис мәтіндерінің мәні мен ерекшеліктерін, діни мәтіндерді зерттеу мен түсіндірудің негізгі тәсілдерін, мәтіндерді түсіну үшін қажетті терминологиялық аппаратты қалыптастырады (КҚ87).	Мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады. Топтық әдістеме, диалогті оқыту әдістері, сын тұрғысынан ойлау технологиясы қолданылады.
Діни қозғалыстар мен феноменология	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	Бұл пәнді толық игерген білімгер жаңа терминдерді біліп, жаңа діни ағымдарға классификация жасауды меңгереді (КҚ88). Сонымен қатар, білімгер жаңа діни ағымдарды зерттей отырып, тарихы терең әлемдік және ұлттық діндердің қоғамдағы рөліне баға бере алады (КҚ89); Жаңа діни культтерді топтастыра отырып, білімгер діндерді «секта», «деноминация», «конфессия» сияқты категорияларға бөле алады (КҚ90).	Сабақ барысы қызықты әрі пайдалы болу үшін секталар мен діни культтерге қатысты видеолар көрсетіліп, олардың діни кітаптары мен символдары пайдаланылады. Нақты статистикалық ақпаратқа қол жеткізу үшін ресми сайттар қолданылады.
	Дін феноменологиясы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер дін феноменологиясының қалыптасуы мен даму тарихын біледі (КҚ91). Дін феномендерін, діни қызмет формаларын, олардың	Дін феномендерін тануды, феноменологиялық зерделеу жасауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді

		сенімдерін жіктеуді үйренеді (КҚ92). Феноменологиялық әдіс ерекшеліктерін негіздеуді меңгереді (КҚ93).	сабақтар ұйымдастырылады.
Мазһаб және діни дәстүр	Қазақ ойшылдары дін туралы / Орта Азиядағы ислам тарихы	Қазақ ойшылдарының діни тұжырымдарының қалыптасуы мен ой-тұжырымдардың ерекшеліктеріне тоқталып, алғышарттарымен танысады (КҚ94). Орта Азия аумағындағы исламның таралу тарихын кезеңдендіріп, салыстырмалы-тарихи сараптама ұсына алады (КҚ95).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	Мазһабтар тарихы / Ислам тарихы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер исламдағы құқықтық, кәләмдық және саяси мазһабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады (КҚ96); ислам тарихында династиялық басқару кезеңдері, олардың мемлекеттік құрылымдары мен мәдени деңгейлеріне пікірталас жүргізе алатындай білімге ие болады (КҚ97); ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады (КҚ98).	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, миға шабуыл, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Дін және қазіргі заман	Дінтанушыларға арналған ағылшын тілі / Монотеистік діндер	Ағылшын тілінің дінтану саласы бойынша зерттеулер жүргізуге қажетті терминологиялық аппаратын игереді (КҚ99). Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында ағылшын тіліндегі әдебиеттерді пайдалануға қабілетті болады (КҚ100). Монотеистік діндердің тарихын, заманауи жаһандану дәуіріндегі жағдайын талдай алады (КҚ101).	Тілді меңгертудің тікелей, грамматикалық аударма секілді әдістері қолданылып, сөздік қорды толықтыруға арналған тиімді жаттығулар жиынтығы пайдаланылады.
	ҚР Дін туралы мемлекеттік	Пәнді игеру нәтижесінде түрлі діни басылымдар	Курсты жүргізуде пікір алмасу,

	заңдар / Қазақстандағы діни басылымдар	және ақпараттық нысандар саласындағы мәселелерді жинақтау, топтастыру және ықшамды түрде жеткізу, талдау қабілетін меңгереді (КҚ102). ҚР діни сенім бостандығын жүзеге асыру теориясы және практикасын зерттеу арқылы, аналитикалық қабілетке ие болады (КҚ103).	семинар, пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, инерактивті әдістер қолдану арқылы, мақсатты нәтижелерге қол жеткізіледі.
Академиялық жазылым және тәжірибе	Өндірістік тәжірибесі	Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады (КҚ104). Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді (КҚ105).	Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
	Академиялық жазылым	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін меңгереді (КҚ106). Ғылыми басылымдарға зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялаудың жолдарын, талаптарын, кезеңдерін біліп шығады (КҚ107).	Сабақта белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
Құқық және педагогика негіздері	Еуропадағы ислам өркениеті / Дінтанулық сараптама	Пәнді толық игерген білімгер Еуропадағы ислам тарихын кезеңдендіре алады (КҚ108). Ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады (КҚ109). Қоғамдағы, ғылымдағы өзекті мәселелерге дінтанулық сараптама жасауға қабілетті болады (КҚ110).	Тарихи тақырыптардың шеңберінде ғана қалып қоймас үшін ислам тарихындағы жетістіктер мен қателіктерді күніміздегі жағдаяттармен салыстыра отырып дискуссия жасау әдістері басшылыққа алынады.
	Ислам құқығы/ Қазіргі ислам құқығының мәселелері	Қазіргі ислам құқығы тақырыптары негізінде адамгершілік сияқты рухани құндылықтарды анықтай алады және	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан

		<p>адамдарға оң әсер ету жолдарын тандай біледі (КҚ111). Құқықтық мектептер қарастырған тақырыптар бойынша заманауи мәселелер төңірегінде өзіндік ой қалыптастырады (КҚ112). Қазіргі заманғы діни мәселелерді Ислам құқығындағы тақырыптармен салыстыра біледі (КҚ113).</p>	<p>ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.</p>
	<p>Педагогика негіздері және тәрбие теориясы/ Жалпы педагогика негіздері</p>	<p>Педагогика саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра білу шеберлігі мен біліктілігі қалыптасады (КҚ114). Педагогикалық білімді теориялық және практикалық құрал деңгейінде кәсіби меңгеріп, білім алушылардың өзінің кәсіби тұлғасын дамыту, өзіндік жұмысын ұйымдастыру білігін игереді (КҚ115).</p>	<p>Ойын және ақпараттық оқыту технологиялары. Жоба технологиясы. Ұжымдық ойлау және топпен жұмыс технологиялары қолданылады.</p>
<p>Дипломдық жұмыс</p>	<p>Диплом алды тәжірибе</p>	<p>Диплом жұмысының тақырыбымен байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады (КҚ116). Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді (КҚ117).</p>	<p>Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.</p>
	<p>Диплом жұмысын жазу және қорғау / Кешенді емтихан тапсыру</p>	<p>Диплом жұмысын талаптарға сай рәсімдеуді, тараулар мен бөлімдерге сай мәліметтерді бере алуды меңгереді (КҚ118). Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады (КҚ119). Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады (КҚ120).</p>	

**ДІНТАНУ БББ ҮШІН ҚОСАЛҚЫ
МАЙНОР БАҒДАРЛАМАСЫ (MINOR)**

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдiстерi
Дiни таным	Дiндегi деструктивтiлiк және терроризм мен экстремизм психологиясы	Дiни экстремизм психологиясы аясындағы ғылыми әдебиеттердi талдайды және ондағы негiзгi идеяны басшылыққа ала отырып, өз бетiнше оларға анализ жасай алады (КҚ121).	Психологиялық әдiстер мен дiнтанулық сараптама әдiстерi қолданылады.
Психология негiздерi	Жас ерекшелiк психологиясы	Психологиялық үдерiстердiң жас ерекшелiгiне байланысты айырмашылықтарын түсiндiре алады (КҚ122).	Бiлiмгердiң өзiне деген сенiмдiлiгiн күшейтiп, өз пiкiрiн айту құқығы бар екендiгiн сезiндiре отырып, сыни ойлауға тәрбиелейтiн интерактивтi әдiстер қолданылады. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады.
	Әлеуметтiк психология негiздерi	Бiлiм беру үдерiсiнде бiлiм алушылардың танымдық әрекеттерiнiң психологиясын игередi (КҚ123).	
	Конфликт және стресс психологиясы	Жаңа мәселелер мен жағдайларды креативтi ойлаумен және шығармашылықпен шешуге қабiлеттi болады (КҚ124).	

MINOR – Бiлiмгер өз еркiмен университет шеңберiнде ұсынылған қосымша мамандықты таңдау бағыты

КҚ – Кiлттiк күзiреттiлiктер

3.2 Бiлiм беру бағдарламасы нәтижелерiнiң негiзгi күзiреттiлiктермен сәйкестендiрiлу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
НҚ1		+			+					
НҚ2			+	+						
НҚ3		+		+						
НҚ4					+	+	+			
НҚ5	+							+		+
НҚ6	+					+				
НҚ7								+	+	+
НҚ8			+					+	+	

НҚ – Негiзгi күзiреттiлiктер

ОН – Оқыту нәтижелерi

3.3 Бiлiм беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер	Қалыптастырылатын
---	-----------	---------------------	-------------------	-----------------------	-------------------

				саны	күзiреттiлiктер (3.1 бөлiмiндегi кодтар)
1 семестр					
1	Қазақстанның қазiргi заман тарихы	ЖБП / МК	МЕ	5	КҚ1, КҚ2
2	Шетел тiлi	ЖБП / МК	емтихан	5	КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ6
3	Қазақ (Орыс) тiлi	ЖБП / МК	емтихан	5	КҚ7, КҚ8, КҚ9, КҚ10, КҚ11
4	Әлеуметтану, Саясаттану	ЖБП / МК	емтихан	4	КҚ14, КҚ15, КҚ16, КҚ17
5	Экология және өмiр қауiпсiздiгi	ЖБП / ЖК	емтихан	5	КҚ22, КҚ23, КҚ24, КҚ25
6	Араб тiлi	БП/ЖК	емтихан	4	КҚ26, КҚ27
7	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	КҚ12, КҚ13
Қорытынды				30	
2 семестр					
1	Шетел тiлi	ЖБП / МК	емтихан	5	КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ6
2	Қазақ (Орыс) тiлi	ЖБП / МК	емтихан	5	КҚ7, КҚ8, КҚ9, КҚ10, КҚ11
3	Мәдениеттану, Психология	ЖБП / МК	емтихан	4	КҚ18, КҚ19
4	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	КҚ12, КҚ13
5	Дiнтануға кiрiспе	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ28, КҚ29, КҚ30, КҚ31
6	Оқу практикасы	БП/ЖК	есеп	1	КҚ32, КҚ33
7	Ислам теологиясы	БП/ЖК	емтихан	3	КҚ34
8	Мораль және дiн/ Қазiргi мемлекеттегi дiн	БП/ТК	емтихан	5	КҚ35, КҚ36, КҚ37
9	Араб тiлi	БП/ЖК	емтихан	3	КҚ26, КҚ27
Қорытынды				33	
3 семестр					
1	Философия	ЖБП / МК	емтихан	5	КҚ38, КҚ39
2	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	ЖБП / МК	емтихан	5	КҚ40, КҚ41, КҚ42
3	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	КҚ12, КҚ13
4	Дiндер тарихы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ43, КҚ44, КҚ45
5	Дiн әлеуметтануы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ46, КҚ47, КҚ48
6	Құран Кәрiм	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ49, КҚ50, КҚ51,

					КҚ52
7	Эстетика және діни өнер/ Дін және өнер	БП/ТК	емтихан	5	КҚ60, КҚ61, КҚ62
Қорытынды				32	
4 семестр					
1	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	КҚ12, КҚ13
2	Дін философиясы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ53, КҚ54
3	Діни антропология	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ55, КҚ56, КҚ57
4	Дін психологиясы	БП/ЖК	емтихан	5	КҚ58, КҚ59
5	Салыстырмалы дінтану/ Ежелгі үнді діндері	БП/ТК	емтихан	5	КҚ63, КҚ64
6	Араб тілі 2	ЖК/МК	емтихан	5	КҚ65, КҚ66, КҚ67
7	Ислам философиясына кіріспе/ Ғылым және дін	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ68
Қорытынды				32	
5 семестр					
1	Кәсіби бағытталған шет тілі/ Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі	БП/ТК	емтихан	5	КҚ69, КҚ70
2	Христиандық тарихы/ Христиан теологиясы	БП/ТК	емтихан	5	КҚ71, КҚ72, КҚ73
3	Қазіргі әлемдегі діндер эволюциясы/ Эзотериялық ілімдер	БП/ТК	емтихан	5	КҚ74, КҚ75, КҚ76
4	Діни және діни емес дүниетаным диалогы/ Еркін ойлау тарихы	БП/ТК	емтихан	5	КҚ83, КҚ84, КҚ85, КҚ86
5	Хадис іліміне кіріспе/ Діни мәтін герменевтикасына кіріспе	БП/ТК	емтихан	5	КҚ87
6	Мазһабтар	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ96, КҚ97, КҚ98

	тарихы/ Ислам тарихы				
Қорытынды				30	
6 семестр					
1	Кәсіби қазақ(орыс) тілі/ Мемлекеттік тілде іс-қағаздарды жүргізу	БП/ТК	емтихан	5	КҚ77, КҚ78
2	Қазақстандағы ислам/ Орта Азиядағы суфизм	БП/ТК	емтихан	5	КҚ79, КҚ80
3	Дінтануды оқыту әдістері және мектеп курсының негіздері/ Қазақстан Республикасындағы діни ұйымдар	БП/ТК	емтихан	5	КҚ81, КҚ82
4	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	ЖК/МК	емтихан	5	КҚ88, КҚ89, КҚ90
5	Дін феноменологиясы	ЖК/МК	емтихан	5	КҚ91, КҚ92, КҚ93
6	Қазақ ойшылдары дін туралы/ Орта Азиядағы ислам тарихы	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ94, КҚ95
Қорытынды				30	
7 семестр					
1	Дінтанушыларға арналған ағылшын тілі / Монотеистік діндер	БП/ТК	емтихан	6	КҚ99, КҚ100, КҚ101
2	ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар/ Қазақстандағы діни басылымдар	БП/ТК	емтихан	5	КҚ102, КҚ103
3	Өндірістік тәжірибесі	ЖК/МК	есеп	4	КҚ104, КҚ105
4	Еуропадағы ислам өркениеті/	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ108, КҚ109, КҚ110

	Дінтанулық сараптама				
5	Ислам құқығы/ Қазіргі ислам құқығының мәселелері	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ111, КҚ112, КҚ113
6	Педагогика негіздері және тәрбие теориясы/ Жалпы педагогика негіздері	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ114, КҚ115
Қорытынды				30	
8 семестр					
1	Академиялық жазылым	ЖК/МК	емтихан	5	КҚ106, КҚ107
2	Диплом алды тәжірибе		есеп	8	КҚ116, КҚ117
3	Диплом жұмысты жазу және қорғау/ немесе кешенді емтихан тапсыру		Кешенді емтихан немесе ДЖ қорғау	12	КҚ118, КҚ119, КҚ120
Қорытынды				25	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ				240	

**ДІНТАНУ ҮШІН ҚОСАЛҚЫ
МАЙНОР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ (MINOR)**

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Қалыптастырылатын күзиреттіліктер (3.1 бөліміндегі кодтар)
6 семестр					
1	Діндегі деструктивтілік және терроризм мен экстремизм психологиясы	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ121
				5	
7 семестр					
2	Жас ерекшелік психологиясы	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ122
3	Әлеуметтік психология	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ123

	негіздері				
4	Конфликт және стресс психологиясы	ЖК/ТК	емтихан	5	КҚ124
				15	
Жалпы				20	

MINOR – Білімгер өз еркімен университет шеңберінде ұсынылған қосымша мамандықты таңдау бағыты

КҚ – Кілттік құзіреттіліктер